

Қазақтың спорт және туризм академиясы

ӘОЖ 796.062.4:001.8 Қолжазба құқығында

**КУЛБАЕВ АЙБОЛ ТИНАЛОВИЧ**

**Спорт түрлері бойынша жарыс өткізу дайындығын үйымдастыру  
және басқару негіздері**

6D010800- Дене шынықтыру және спорт

Философия докторы (PhD)  
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер  
п.ғ.д., профессор И. Ф. Андрушишин

Украинаның ұлттық дене  
шынықтыру және  
спорт университетінің  
дене шынықтыру және спорт  
ғылымдарының докторы,  
экон. ғыл. канд., проф.  
Ю.П. Мичуда

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2014

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>3</b>
<b>АНЫҚТАМАЛАР.....</b>	<b>4</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>5</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>6</b>
<b>1 СПОРТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ЖАРЫС ӨТКІЗУ ДАЙЫНДЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ БАСҚАРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....</b>	<b>15</b>
1.1 Спорт түрлері бойынша өткізілетін жарыстың зерттелу генезисі мен даму тарихы.....	15
1.2 Спорт түрлері бойынша өткізілетін жарысты басқарудың мәні мен құрылымы.....	26
1.3 Спорт түрлері бойынша жарыс өткізу дайындығын ұйымдастыру және басқарудың әлеуметтік-педагогикалық негіздері.....	42
<b>2 СПОРТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ЖАРЫС ӨТКІЗУ ДАЙЫНДЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ БАСҚАРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ.....</b>	<b>51</b>
2.1 Спорттық жарыстарды ұйымдастыру мен жоспарлау.....	51
2.2 Спорттық жарыстарды басқаруды ақпараттандыру және әлеуметтік ықпал ету.....	64
2.3 Дене мәдениеті мен спортты басқарудың негізгі сипаты мен белгілері.....	76
<b>3 СПОРТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ЖАРЫС ӨТКІЗУ ДАЙЫНДЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН БАСҚАРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАРЫ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕРІ.....</b>	<b>89</b>
3.1 Спорттық жарыстарды өткізудегі көрермендердің ықпалы.....	89
3.2 Қазақстан Республикасындағы жарыс өткізу қызметінің ұйымдастырылуы мен басқару құрылымдарының сараптамасы және халықаралық жарыстардың нәтижесі.....	108
3.3 Қазақстандағы республикалық және аймақтық жарыстарды зерттеудегі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері.....	124
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>148</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>152</b>
<b>ҚОСЫМШАЛАР.....</b>	<b>162</b>

## **НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Бұл диссертациялық жұмыста келесі стандарттарға сілтемелер қолданылған:

ГОСТ 7.1-2003. Библиографиялық сипаттамалар. Жалпы талаптар мен құрау ережелері.

ГОСТ 7.32-2001. Ғылыми зерттеу жұмысы туралы Есеп. Рәсімдеу ережелері туралы құрылым.

№ 57012. 03. 2001. ҚР Президенті Жарлығымен бекітілген 2001-2015жж Қазақстан Республикасындағы деңе тәрбиесі мен спортты дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы.

№23028. 12. 2006. ҚР Президенті Жарлығымен бекітілген 2007-2011жж Қазақстан Республикасындағы деңе тәрбиесі мен спортты дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы.

## **АНЫҚТАМАЛАР**

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

**Жарыстардың кешенділігі** – бірнеше спорт түрлері бойынша өткізілп жатқан іс-шараны біруақытта және бір орында (географиялық орында) кешенді спорттық іс-шараның шенберінде өткізілетін сайыс ретінде бірлестіру.

**Сатылылық (иерархичность)** – түрлі деңгейлі жарыстардың байланыстылығы, жарысты өткізу мерзімінің құнтізбемен, сондай-ақ, жоғары спорттық ұйымдарды (халықаралық дәрежеде Халықаралық олимпиадалық комитет пен халықаралық спорттық федерациялар құжаттарының беделі жоғары) реттеудің негізгі Ережелерімен келісімділігі. Тікелей осы ұйымдарға ұлттық чемпионаттарды өткізу құнтізбесі мен шарттары ыңғайластырылады; жалпыұлттық іс-шаралар аймақтық және жергілікті жарыстар өткізілуінің мерзімі мен шарттарын анықтайды.

**Жарыстың өткізілу уақыты** – мерзімі, уақыты. Егер жарыс бірнеше кезеңнен тұрса, әрбір кезеңнің хронологиялық тізбегін көрсету қажет.

**Жарнама** – бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түрғындардың барлық топтарының арасында оны кеңінен танымал етуге арналған спорттық жарыстың өткізілуі туралы ақылы түрде хабардар ету.

**Паблисити** – дегеніміз жарысты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жарнамалау мақсатында қоғаммен байланыс жүргізу.

**Паблик рилэйшнз** – дегеніміз қоғамның алда түрған іс-шараға деген көзқарасын бағалайтын, ұйымның жүргізіп отырған саясатын қоғамдық қызығушылықтармен үйлестіре біletін және қоғами түсіністік қалыптастыруға және берілген іс-шараны қабылдауға арналған іс-әрекет бағдарламасын жүзеге асыратын менеджмент қызметі.

**Алғашқы қауымдық спорт-** тосын тіршілік жағдайларының (аң аулау, қауіптен сактану және т.б.) өзіндік бір ұлгісі ретінде тайпаны қорғаушыларды жаттықтыру сияқты арнайы мақсаттан басқа жақсы адреналды допинг болды және қоғам оны қабылдады.

## **БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

АОҚАЖ	-	аймақтық (облыстық, қалалық, аудандық) жарыстар
РЖ	-	республикалық жарыстар
ХЖ	-	халықаралық жарыстар
СЖЖ	-	спорттық жарыстарды жоспарлау
ХДСШ	-	халықаралық дәрежедегі спорт шебері
СШ	-	спорт шебері
СШҮ	-	спорт шеберлігінен үміткер
ЖӘҰ	-	жарысты өткізіші ұйым
БТК	-	бас төрешілер коллегиясы
СБ	-	спорттық база
СТК	-	спорттық техникалық комиссия
ЖҰ	-	жоғарғы ұйымдар
ГАЛТ	-	графикті ақпаратты логикалық тізбек
БАҚ	-	бұқаралық ақпарат қуралдары
ООҰК	-	олимпиадалық ойындарды ұйымдастыру комитеті
ХОК	-	халқаралық олимпиада комитеті
ХСФ	-	халқаралық спорт федерациясы
ҰОК	-	ұлттық олимпиада комитеті

## КІРІСПЕ

**Зерттеу өзектілігі.** Біздің еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан кейін әлеуметтік басқарудың түрлері, мәні және мазмұны айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Бұл өзгерістер толықтай спорт саласына да ықпал етті.

Мемлекеттік тәжірибеде және менеджмент теориясында басқарудың әлеуметтік жүйелерін құрудың негізі қоғамдық дамудың объективті факторлары болып табылады. Кеңес үкіметінде әрекет еткен басқарудың әкімшілік-топтық жүйесінен нарықтық экономикаға өту спорттық қызметтер мен олардың бүгінгі қазақстандық қоғам өміріндегі одан әрі даму мәселелерін құрт қыындастып жіберді. Нарықтық экономикаға өтумен байланысты қоғамды шарпыған әлеуметтік-экономикалық дағдарыс қоғамның барлық саласына, оның ішінде идеология мен ғылым саласына да ықпал етті.

Басқару – диалектикалықүрдіс. Ол өзіндік ерекшелігі бар ғылымға айналғанға дейін бірнеше даму тарихынан өтті. Сондықтан да басқару туралы алғашқы идеялардың тамыры тереңде жатыр. Мұны Американың белгілі теоретигі Кл.кіші Джексонның зерттеуінен байқауға болады. Ғалым «Басқару ойларының тарихы» атты еңбегінде біздің дәуірге дейінгі 5000 жылдан бастап басқарудың дамуын көрсеткен. Бұл еңбекте идеяның қалыптасуы шумерлерден басталады. Қоғамдағы қажетті фактілерді тіркеу, оларды жинақтап жүйелеу, қағазға түсіру басқарудың алғашқы элементтері болып табылады [1].

Басқарудың ғылыми эволюциясын дәлірек әрі терен түсіну үшін басқару ойларының негізгі даму бағыттары туралы нақты ғылыми ұғымға ие болуы керек. Ғылыми менеджменттің негізін қалаушы, Филадельфия қаласында туып-өсken, 1881 ж. теннистен әуесқойлар арасында өткен қосарлы жарыстардағы АҚШ чемпионы, инженер-механик – Фредерик Тейлор (1856 - 1915). Ол 45 жасында гольфты белсенді түрде насиҳаттаумен айналысты. 1903 жылы оның «Цехтық менеджмент» кітабы, ал 1911 жылы «Ғылыми менеджменттің принциптері» кітабы басып шығарылды. Филадельфиядағы оның қабіріндегі құлпытаста «Ғылыми менеджменттің атасы» деген жазу басылған табылады [2].

XX ғасырдың бас кезінде басқару теориясы «менеджмент» ұғымымен толықтырылады. Шетелдік ғалымдар А.Файоль, М.П.Фоллет, А.М.Вебер, И.Ансофф, М.Портер т.б. «менеджмент» деп мәнгерушінің өз қарамағындағы қызметкерлерінің интеллект қорын пайдалану арқылы мақсатқа жетуі деп түсінеді [3,4,5,6,7]. Жалпы алғанда менеджмент – бұл ғылым мен өнер негізінде басқару.

Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайдағы басқарудың теориялық негіздері отандық және шетелдік ғалымдар Джуран Д., Деминг Э., Кросби Ф., Тейлор Ф., Уманов Г.А., Хмель Н.Д., Тәжібаев Т., Сембаев А., Шарипова А. және тағы басқалардың еңбектерінде кеңінен қарастырылған[8,9,10,11,12,13,14,15,16].

Осы айтылған арнайы ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында басқару жүйесінің осы уақытқа дейін ТМД және шетел ғалымдары мен қазақстандық ғалымдар еңбектерінде кеңінен зерттеліп келгеніне көзіміз жетті. Зерттеуші ғалымдар енбегін зерделей келе басқарудың ғылыми сипаттарын бірнеше салада бөліп көрсетуге болады.

Басқарудың ғылыми негіздегі ережелерін, әлеуметтік жүйедегі басқару заңдылықтарын, өзіндік ерекшеліктерін Гаськов В.М., Глазунов А.Т., Давыденко Т.М., Асанов Н.А., Субетто А.И., Бейсембаева А.А., Каракулов К.Ж. және т.б. қарастырып, зерттеген [17-23].

Басқарудың психологиялық ерекшеліктеріне аса бір мән беріп, зерттеген ғалымдар: Друккер П., Сильва Х., Роджерс Т., Шепель В.М., Шакуров Р.Х., Филиппов А.Ф., Жарықбаев К.Б., Ұзақбаева С.А., Қожахметова К.Ж., және т.б [24-32].

Бұгінгі тандағы басқаруды автоматизациялаудың және білім беруді басқаруды ақпараттандырудың теориялық негізі Ямпольский В.З., Лизинский В.М., Линчевская Т. және т.б.[33,34,35]; ал педагогикалық болжам Гершунский Б.С., Гендина М. және т.б. ғылыми зерттеу еңбектерінде кеңінен сипатталған [36,37].

Жалпы білім беретін мектеп пен мектеп жұмысын басқаруды қазіргі тандағы педагогика ғылымы, дene тәрбиесі және спорт бағыттарын белгілей отырып Қ.І.Адамбеков [38], А.О.Аяшов [39], М.Б.Сапарбаев [40], Б.А.Гейнц [41], А.С.Жұманова [42], Б.У.Алимханов [43], В.Н.Платонов [44], Қ.А.Құланов [45] сынды ғалымдар өздерінің еңбектерінің педагогикалық негізі ретінде оқушы жастардың дene тәрбиесі дайындығын басқару мен бақылауға арнаған. Ал балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне, оқушылардың жеке басының қабілетіне қарай тандауға Н.И.Набатникова [46], Ж.Б.Қоянбаева [47], М.С.Бриль [48] сынды ғалымдар жұмыс жасаса, ал сыныптан тыс уақыттарда оқушылардың дene тәрбиесін жоспарлау және оны ұйымдастыру жөнінде Қ.А.Атаев [49], Б.Ж.Биданов [50], В.В.Варюшин [51]; мектеп жасындағы оқушылардың жеке спорт түрлерінен қозғалыс дағдыларын тәрбиелеуді Б.Қ.Қаражанов [52], В.П.Филин [53], В.А.Ашмарин [54], И.Г.Понамарев [55], Л.П.Матвеев [56], Т.А.Ботагарiev [57], жарыс алдындағы шаңғышылардың педагогикалық жай-күйін Л.И.Орехов [58] және басқа да көптеген ғалымдар қарастырған.

Дене мәдениеті мен спортты басқару тек адамдардың дene қабілеттілігін дамытуға бағытталған арнайы амал мен әдістердің жиынтығы және «адамның мақсатты қозғалыс қызметін» ғана басқару емес. Дене мәдениеті мен спортты басқару объектісіне көптеген нақты дene және спорт мекемелері – спорттық мектептер, спорттық және фитнес-клубтар, спорт түрлері бойынша (футбол, хоккей, баскетбол, волейбол және т.б) спорттық командалар, алаңдар, спорттық-сауықтыру орталықтары, спорттық одактар және т.б кіреді.

Қазақстандағы қоғамның жаңаша дамуы маңызды салалары, оның ішінде, спорттық салаға қатысты жаңа әдістер әлеуметтік басқаруды талап етті. Әлеуметтік басқару мен менеджмент ұғымдарының ара жігін ажырата отырып, бүгінгі күндегі аса маңызды мәселе болып табылатын спорт саласын әлеуметтік басқару ұдерісінде жалпы менеджмент пен маркетинг теорияларының элементтері мен тәсілдерін қолдану дұрыс деп үйғарылды [59-68]. (В.А.Абчук, М.Вудкок және Д.Френсис, И.Н. Герчикова, Л. Зайверт, О.Т.Лебедев және А.Р.Каньковская, М.Х. Мескон, М. Альберт және Ф. Хедоури және т.б.).

Спорттық жарыстар менеджментін жетілдіру мәселесіне ғалымдар назарын ұзак уақыттан бері аударып келеді. Спорттық жарыстар ғылыми зерттеу нысаны ретінде көптеген авторлардың еңбектерінде көрініс тапқан (Аксельрод С.Л., 1952; Алешин В.В., 1999; Переверзин И.И., 1999, 2002, 2004; Жолдак В.И., 1997, 2004; Гуськов С.И., 1996; және т.б.). Оларда бұл мәселе жан жақты қарастырылған. Спорттық шараларды көру қауымдастықтың дene тәрбиесі саласындағы белсенділігін арттырушы фактор болып табылады [69,70,71,72,73].

Спорттық жарыстар – миллиондаған адамдар қызығатын және үмтүлатын іс-шара. Кәсіптің бұл тармағы оның ең құнды тауары болып табылады. Тауардың бағасы мен табыстылығы спорттық менеджердің кәсіби шеберлігі мен таланттына тікелей байланысты. Спорттық жарыстардан келіп түскен қарожаттар спорт және дene тәрбиесі саласына қайтуы аса маңызды, бұл өз кезегінде адамдардың денсаулығына пайдалы әсер етеді [74]. Соңғы жылдары спорттық менеджмент саласы қарқынды дамуда. Себебі, біріншіден бұған спорттың дамуы, сонымен қоса, халықаралық деңгейдегі жарыстарды өткізу мен ұйымдастыруды танымал шоумендер мен демеушілердің қатысуы да септігін тигізуде.

Әлемдік спорттың заманауи даму деңгейі дene тәрбиесі мен спортты ұйымдастыруды басқару және ұйымдастырумен айналысатын (менеджмент) спортшылар мен мамандарды дайындауда жаңа міндеттердің кәсіби деңгейде қойып отыр [75,76].

Дегенмен де бүгінгі таңда қазақстандық ғылыми әдістемелік әдебиеттерде спорттық іс-шаралар мен жарыстарды ұйымдастыру мен басқару мәселесі жеткілікті деңгейде көрініс таппаған. Біздің елімізде тек қана бірнеше мамандарғана осы мәселе мен айналысады. Диссертациялық зерттеулерде Н.Е.Сухарукова стадиондардың ұйымдастырушылық-педагогикалық, әлеуметтік және сауықтырмалық қызметтерін зерттесе, ал Б.Н.Болдырев шығыс жекпе-жегіндегі ақпараттық-коммуникативтік менеджменттің тиімділігін зерттеген [77,78].

Жоғарыдағы ғылыми әдебиеттерге жасаған талдау басқару мәселесі саласынан бірқатар іргелі және қолданбалы еңбектердің орындағанын көрсетумен бірге, оның ғылыми-педагогикалық негіздерінің бүгінгі қоғам талабына қарай әлі де болса терең зерттеле қоймағандығын, ал біз зерттеу

нысаны етіп алған спортық жарыстарды басқару мен ұйымдастыру мүлде зерттелмеген мәселе екендігін көрсетіп отыр.

Осыған байланысты, спортық шараларды ұйымдастыру мен басқару мәселелерін шешу үшін заманауи алдыңғы ғылыми-теориялық технологияларды менгеру қажет. Себебі спортық жарыстар жүйесін басқарудың мәнін, түрлері мен тетіктері (сонымен қатар, әлеуметтік-экономикалық және нормативті-құқықтық мәртебе) сынды спорт саласының негізгі құрауыш бөліктерін көрсететін ғылыми тұжырымдар және енбектермен шектелу аз. Сондыктан да, қазіргі Қазақстанда спортық жарыстарды басқару жүйесін құруды зерттеу аса өзекті болып табылады.

Дегенмен, бұл айтылған мәселелер әлі де болса, теориялық мәнділігін тапқан жоқ. Жоғарыда айтылғандарды талдай отырып:

- бүгінгі спортық іс-шаралар мен жарыстарды жаңаша басқаруға талаптардың артуы мен дәстүрлі басқару жүйесінде айтарлықтай өзгерістің болмауы арасында;

- осы талаптарға сай халықаралық, республикалық, аймақтық спортық жарыстарды басқара алатын кәсіби құзырлығы жоғары басшыға қажеттіліктің артуы және мұндай даярлығы бар халықаралық, республикалық, аймақтық спортық жарыстарды басқара алатын басшының жетіспеуі арасында;

- кәсіби спорт мамандарының біліктілігін жетілдіретін мекемелер жүйесінде спорт басшыларын кәсіби басқаруға даярлау қажеттігі мен оны жүзеге асыратындағы ғылымға негізделген бірегей тұжырымдама, бағдарламалардың, әдістемелік кешендердің жоқтығы арасында **қарама-қайшылық** анық байқалады.

Жоғарыда айтылған қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіре келе, дene мәдениеті және спорт мамандығында жүргізілетін пәндерді оқыту кезінде спорт түрлері бойынша өткізілетін әртүрлі жарыстарды ұйымдастыру мен басқару мүмкіндігі неде деген сұрақ туындаиды.

Аталған мәселенің теориялық түрғыда жеткілікті түрде зерттелмегендігі мен тәжірибелік мәні, зерттеушінің спорт түрлері бойынша өткізілетін жарыс дайындығын басқару мен ұйымдастыруға деген қызығушылығы бізге зерттеу мәселесінайқындауға және тақырыпты «**Спорт түрлері бойынша жарыс өткізу дайындығын ұйымдастыру және басқару негіздері**» деп таңдауымызға негіз болды.

**Зерттеудің мақсаты:** Қазақстан Республикасы аумағында өткізілетін түрлі дәрежедегі жарыстарды ұйымдастыру және өткізу сапасын арттыру, түрлі спортық жарыстар бойынша әдістемелік ұсыныстар жасау.

**Зерттеу нысаны:** Қазақстан аумағында ұйымдастырылған аймақтық, республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстар, осы жарыстарды ұйымдастырумен тікелей байланысты ұйымдастырушылық комитет және федерациялар.

**Зерттеу пәні:** дene тәрбиелік ұйым персоналynyң, оның басқару нысаны мен субъектісінің бір жағынан, дene тәрбиелік спортық ұйымның өзінің

ішінен, екінші жағынан, оның сыртқы ортамен байланысу үдерісі барысында қалыптасатын басқарушылық қатынастар.

**Зерттеудің ғылыми болжамы:егер**, спорт түрлері бойынша жарыс өткізу дайындығын ұйымдастыру мен басқарудың теориялық-әдіснамалық бағыттары негізделіп, оның ұйымдастыру және басқару әдіstemесі анықталса, онда болашақта спорт түрлері бойынша өткізілетін жарыстарда спорттың жекелей түрлері үздік сапамен ерекшеленіп, ал аймақтық жарыстарды өткізуде жекпе-жек спорт түрлері ерекшеленеді, **өйткені** спорт түрлері бойынша жарыс өткізу дайындығын ұйымдастыру мен басқарудың инновациялық әдіstemесі айқындалады.

Жоғарыда айтылған зерттеудің мақсатына, нысан мен ұсынылған болжамға орай төмендегідей **зерттеу міндеттері** айқындалды:

- жарыстарды сапалы ұйымдастыруға жекелей анықталған факторлардың маңыздылық дәрежесін анықтау;
- Қазақстан Республикасы аумағында өткізілетін халықаралық, республикалық және аймақтық деңгейдегі жарыстарды ұйымдастыру және өткізу сапасын бағалау әдіstemесі құру;
- түрлі деңгейдегі жарыстарды өткізу сапасын бағалаудың жүйелік әдіsin дамыту және үш сатылық шкала негізінде сандық нормаларды анықтау;
- спорт түрлерін үш топқа жіктеу: жекпе-жек, спорттық ойындар, спорттың жекелей түрлері;
- шартты түрде бөлініп алынған спорт түрлері топтарында жарыстарды өткізу ерекшеліктерін анықтау;
- түрлі деңгейдегі және спорт түрлерінің әртүрлі топтарындағы жарыстардағы спорттық қызмет менеджментінің ерекшеліктерін айқындау;
- халықаралық, республикалық және аймақтық деңгейдегі жарыстарды бағалау үшін аса маңызды және аса маңызды емес факторларды анықтау.

**Зерттеудің жетекші идеясы:** спорт түрлері бойынша өткізілетін жарыстарды басқару мен ұйымдастыруды зерттеу келешекте өткізілетін спорттық жарыстарды басқару тиімділігін арттырып, айтылған іс-шараны жоспарлы түрде өткізудің әдіstemесі мен бағалау шынайылығын айқындау жүйесіне байланысты болады.

**Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері** болып спорт түрлері бойынша өткізілетін жарыстарды ұйымдастыру ісін жоспарлау мен басқарудағы кәсіби жаттықтырушылық іс-әрекеті, теория мен тәжірибелің бірлігі туралы, тұлғалы-бағдарлық, жүйелі-мәдениеттілік, кәсіби дайындықты жүйелі талдау, инновациялық әдіs-тәsілдер саналады.

**Зерттеудің көздері:** философтардың, әлеуметтанушылардың, психологиярдың, педагогтардың, менеджерлердің, дидакт ғалымдар мен спорт әдіsкерлерінің ғылыми еңбектері, мұрағат және мерзімді педагогикалық басылымдардың материалдары. Қазақстан Республикасының Конституциясы, ресми материалдары, “Білім туралы” Заңы, Қазақстан Республикасында дene шынықтыруды және спортты дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған

бағдарламасы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдаулары, Халықаралық спорттық жарыстарға қатысу мен Қазақстан Республикасында спорттық іс-шараларды өткізудің ережесі және докторанттың зерттеушілік тәжірибесі.

**Зерттеу әдістері:** Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін әдебиет көздерін жинақтап, теориялық түрғыдан талдау, сонымен қатар тәжірибелік жұмыс кезінде алынған мағлұматтар, әртүрлі жарыс бойынша алынған мәліметтерді талдау және қорытындылау, арнайы сұрақ-жауап, сұхбат, сауалнама, педагогикалық бақылау, математикалық статистика әдістері қолданылды.

### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы**

- жарыстарды сапалы ұйымдастыруға жекелей анықталған факторлардың маңыздылық дәрежесі анықталды;
- Қазақстан Республикасы аумағында өткізілетін халықаралық, республиканың және аймақтық деңгейдегі жарыстарды ұйымдастыру және өткізу сапасын бағалау әдістемесі құрылды;
- түрлі деңгейдегі жарыстарды өткізу сапасын бағалаудың жүйелік әдісін дамыту және үш сатылық шкала негізінде сандық нормалар анықталды;
- спорт түрлерін: жекпе-жек, спорттық ойындар, спорттың жекелей түрлері деп үш топқа жіктеу ұсынылды;
- шартты түрде бөлініп алынған спорт түрлері топтарында жарыстарды өткізу ерекшеліктері анықталды;
- түрлі деңгейдегі және спорт түрлерінің әртүрлі топтарындағы жарыстардағы спорттық қызмет менеджментінің ерекшеліктері айқындалды;
- халықаралық, республиканың және аймақтық деңгейдегі жарыстарды бағалау үшін аса маңызды және аса маңызды емес факторлар анықталды.

### **Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық мәнділігі**

Теориялық әдебиеттер мен өткізілген спорттық іс-шараларды, жарыстарды салыстырмалы талдау негізінде спорттық жарыстарды бағалаудың үш сатылық шкаласы енгізіліп, спорттық жарыстарды басқаруда Қазақстан Республикасы аумағында өткізілетін халықаралық, республиканың және аймақтық жарыстар сапасын бағалауға бағытталған әдістеменің тиімділігі тексерілді. Бұл зерттеу барысында алынған нәтижелер мен дәлелдемелерді жоғары оқу орындарының дene мәдениеті мамандығында, спорттық клубтар және балалар мен жасөспірімдердің спорт мектептерінде, олимпиадалық резервті мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінде (ОРМБЖМ), олимпиадалық резерв колледжінде (ОРК) қолдануға болады.

### **Қорғауға ұсынылатын қағидалар**

1. Қазақстан Республикасы аумағында өткізілетін түрлі дәрежедегі квалификацияланған жарыстар сапасын бағалауға бағытталған әдістеме.
2. Үш сатылы шкала көмегімен анықтатын халықаралық, республиканың және аймақтық (облыстық, қалалық, аудандық) жарыстарды өткізу сапасын бағалаудың сандық нормалары. Бұл спорттық жарыстарды ұйымдастыру мен

басқару үдерісін жүйелендіруге спорттық шараларға салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік береді.

3. Жекпе-жек, спорттық ойындар және спорттың жекелей түрлері сынды спорт түрлерінің үш тобында өткізілген жарыстардың сапасын бағалауға белгілі бір дәрежеде көбірек және азырақ ықпал ететін факторлар анықталды.

**Зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі** теориялық-әдіснамалық және практикалық тұрғыда дәлелденуімен, жұмыс мазмұнының ғылыми ақпаратқа сәйкестілігімен, кешенді әдістерді пайдаланумен, эксперимент бағдарламасының мақсатқа сәйкестілігімен, көрсеткіштер нәтижелерін қорытындылаумен, алған нәтижелер мен тұжырымдардың практикаға ендірлуімен қамтамасызданырылады.

### **Зерттеудің негізгі кезеңдері**

Бірінші кезеңде (2011-2012 жж.) зерттеу проблемасы айқындалып, зерттеудің ғылыми және ұғымдық аппараты құрылды, материалдар жиналды. Зерттеу мәселесіне байланысты теориялық-әдіснамалық, әдістемелік еңбектерге талдау жасалынып, шетелдік және отандық тәжірибелер бойынша материалдар жүйеленді. Зерттеудің ғылыми аппараты нақтыланды. Материалдарды талдау нәтижесі ретінде мақалалар дайындалды.

Екінші кезеңде (2012-2013 жж.) спорттық жарысты ұйымдастыру мен басқаруға байланысты сауалнамалар әзірленді, диагностикалық бақылау, әңгіме жүргізді; зерттеу әдістемелеріне толықтырулар мен түзетулер енгізіліп, тәжірибеден өткізілді; зерттеу жұмыстарының аралық нәтижесі қорытындыланды, спорттық жарысты ұйымдастыру мен басқаруға байланысты жаңашылдық іс-әрекетін ұйымдастыруда басқару жүйесінің маңыздылығы анықталды.

Үшінші кезеңде (2013-2014 жж.) тәжірибелік бақылау экспериментінің нәтижелері сарапталып, өндеуден өткізілді. Зерттеу қорытындылары бойынша ғылыми-әдістемелік еңбектер жарияланды. Әдістемелік кешендер мектеп тәжірибесіне ендірілді, пайдаланған әдебиеттер тізімі жүйеге келтірілді. Диссертация талап бойынша рәсімделді.

**Зерттеу базасы: Қазактың туризм және спорт академиясы.** Экспериментке қатысқан сынапушылардың жалпы саны – 222.

### **Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы келесідей:**

- спорт түрлері бойынша өткізілетін жарыстарды басқару мен ұйымдастырудың материалдарын спорттық менеджмент теориясын одан әрі дамыту және жетілдіруде;

- жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде алған нәтижелерді қоса отырып, жоғары білікті мамандар дайындауды жақсартуда;

- Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін халықаралық, республикалық, аймақтық жарыстар сапасын бағалауға арналған жарыстардың әрбір деңгейлерін ескере келе, белгілі бір нормаларға бағытталған үш сатылы шкаланы, құрастырылған әдістемені қолдануда;

- зерттеу барысында шартты түрде бөлінген спорт түрлері топтарындағы (жекпе –жек спорт түрлері, спорттық ойындар, спорттың жекелей түрлері) жарыстарды бағалау үшін алынған нормаларды және құрастырылған әдістеме негізінде спорттың өзге түрлерінде осы нормаларды бейімдеуде қолданылады.

**Аталған жұмыстың өзге ғЗЖ мен түрлі мемлекеттік және халықаралық бағдарламалармен байланысы.** Қазақстан Республикасының 30.09.2013 ж. «Дене тәрибесі және спорт туралы занымен, Қазасқтан Республикасында 2007-2011жж. дене тәрбиесі және спортты дамытудың Мемлекеттік Бағдарламасымен, Қазақстан Республикасындағы 2011 - 2015 жж. дене тәрбиесі және спортты дамытудың Салалық Бағдарламасымен байланысты.

### **Зерттеу жұмысының сынақтан өтуі мен талқылануы**

Зерттеу жұмысы ҚазСТА дене тәрбиесі және спорттың теориялық негіздері кафедрасының отырысында талқылаудан өтті.

Аталған диссертацияның қағидалары, тәжірибелік нәтижелері мен тұжырымдары 2011-2014 жылдар аралығында өткен халықаралық және республикалық деңгейдегі ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық конференцияларда сыннан өткізілді.

Атап айтқанда:

- Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 20-жылдығына арналған «Университеттік спорт: ұлт денсаулығы және гүлденуі» атты халықаралық ғылыми студенттік конференциясында - ҚазСТА, 2011;
- ҚазСТА оқытушы-профессорлық құрамының академиялық ғылыми-әдістемелік конференциясында -2012;
- Дүние жүзілік авиация және ғарыш күніне арналған студенттер мен аспиранттардың I Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында 11-12 сәуір 2012 ж. - Киев, 2012;
- «Олимпиадалық спорт және барлығы үшін спорт» атты XVII Халықаралық конгресте – Пекин, 2013;
- «Қазақстан – 2050» стратегиясы: ұлт денсаулығын дене тәрбиесі және спорт арқылы нығайту» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында. -Орал, 2014 ж;
- «Тұтас педагогикалық процесс теориясы – болашақ мұғалімді кәсіби дайындаудың негізі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында - Алматы: КазҰПУ, 2014 көрсетілді.

Диссертациялық жұмыс бойынша 9 мақала жарияланды, оның ішінде 2-і Scopus компаниясының халықаралық ақпараттық мәліметтер базасына енетін Socio-Pedagogical Aspects of Personnel Management in Sports OrganizationsMiddle-East Journal of Scientific Research, 2013 – Vol 16. – Number 7 – P. 922-926.

Advertising Physical Education and Sport in the Media to Maintain a Healthy Lifestyle of Nation // World Applied Sciences Journal. – 2014.-V.30.- Iss.4.-P. 438-441.атты журналдарында, 3 мақала БжФМ бақылау комитеті ұсынған

журналдарда, 4 мақала халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында жарияланды.

**Жарияланымдар.** Диссертацияның негізгі ережелері жалпы көлемі 4,75 б.б. құрайтын 9 жарияланған еңбекте көрініс тапты. Оның ішінде 3 мақала ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда, 4 мақала халықаралық конференциялардың материалдары бойынша ғылыми еңбектердің жинақтарында, оның ішінде 2 мақала алыс шетел конференцияларында, 2 мақала SCOPUS және Thomson Reuters деректер базасына кіретін басылымдарда жарияланған.

**Диссертацияның құрылымы және көлемі.** Диссертацияның құрылымы: зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытынды және қосымшадан. Диссертациялық жұмыс көлемі компьютерлік мәтінмен 171 беттен, 18 кестеден, 41 суретен және 4 қосымшадан тұрады. Пайдаланылған әдебиеттер - 190.

**Кіріспеде** тақырыптың көкейкестілігі, зерттеудің обьектісі мен мақсаты, пәні, міндеттері, теориялық-әдіснамалық негіздері, ғылыми болжамы, зерттеу көздері, әдістері, негізгі кезеңдері мен базасы, ғылыми жаңалығы мен теориялық, практикалық мәні, нәтижелердің дәлелділігі мен негізділігі, қорғауға ұсынылған негізгі қағидалары беріледі.

**«Спорт түрлері бойынша жарыс өткізу дайындығын ұйымдастыру және басқарудың ғылыми-теориялық негіздері»** атты бірінші тарауда спорт түрлері бойынша өткізілетін жарыстың зерттелу мен даму тарихы, спорт түрлері бойынша өткізілетін жарыстың мәні мен құрылымы, жарыс өткізу дайындығын ұйымдастыру және басқарудың әлеуметтік-педагогикалық негіздері ашып көрсетіледі. Басқарудың әлемдік кеңістіктегі даму тарихы мен генезисі зерделенеді.

**«Спорт түрлері бойынша жарыс өткізу дайындығын ұйымдастыру және басқарудың әдістемелік негіздері»** атты екінші тарауда спорттың жарыстарды ұйымдастыру мен жоспарлау, спорттың жарыстарды басқаруды ақпараттандыру және әлеуметтік ықпал ету, дene шынықтыру мен спортты басқарудың негізгі сипаты мен белгілері жайлы сөз болады.

**«Спорт түрлері бойынша жарыс өткізу дайындығын ұйымдастыру және басқарудың тәжірибелік-эксперименттік жұмыстары және нәтижелері»** атты үшінші тарауда Қазақстан Республикасындағы жарыс өткізілу қызметінің ұйымдастырылуы мен басқарылу құрылымдарының сараптамасы, Қазақстандағы халықаралық жарыстар мен Республикалық жарыстардың өткізілу сапасын зерттеу мен тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері қорытындыланады.

**Қорытындыда** зерттеудің негізгі нәтижелері, қағидалары тұжырымдалады, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.

**Қосымшада** дene мәдениеті мен спорт саласының басшыларына, жаттықтырушыларға, спортшыларға, көпшілікке арналған саулнамалар, тапсырмалар ұсынылады.